

Куәландырушы орталықтарды аккредиттеуді жүргізу қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 19 қарашадағы № 1222 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 28 қазандағы № 714 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.10.2020 № 714 қаулысымен.

"Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қантардағы Заңының 4-бабы 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Куәландырушы орталықтарды аккредиттеуді жүргізу қағидасы бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2010 жылғы 19 қарашадағы
№ 1222 қаулысымен
бекітілген

Куәландырушы орталықтарды аккредиттеуді жүргізу қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Куәландырушы орталықтарды аккредиттеуді жүргізу қағидасы (бұдан әрі - Қағида) "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қантардағы Заңына сәйкес әзірленді және куәландырушы орталықтарды аккредиттеуді жүргізу тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағида мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) уәкілетті орган - ақпараттандыру саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

2) куәландырушы орталықты аккредиттеу (бұдан әрі - аккредиттеу) - куәландырушы орталықтың қызметтер көрсетудегі құзыреттін уәкілетті органның ресми мойындауы;

3) ақпаратты криптографиялық қорғау құралы (бұдан әрі - АҚҚ) - криптографиялық түрлендіру алгоритмдерін, шоғырландыруды, қалыптастыруды, таратуды немесе кілттерді басқаруды іске асыратын құралдар.

3. Уәкілетті орган куәландыруышы орталықтарды аккредиттеуді өткізуді үйымдастырады. Аккредиттеуді құрамын уәкілетті орган анықтайтын куәландыруышы орталықтарды аккредиттеу жөніндегі комиссия (бұдан әрі - комиссия) жүзеге асырады. Комиссия уәкілетті органның, ақпараттық қауіпсіздікті (мемлекеттік ақпараттық жүйелермен ықпалдастырылатын куәландыруышы орталықтар аккредиттелген жағдайда), ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және криптография, стандарттау және метрология, техникалық реттеу және техникалық қадағалау жөніндегі уәкілетті органдардың өкілдерінен тұрады.

4. Куәландыруышы орталықты аккредиттеуді уәкілетті органға өтініш берген заңды тұлғаның (бұдан әрі - өтініш беруші) осы Қағидаға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба саласындағы стандарттарына сәйкестігін бағалау мақсатында комиссия жүргізеді.

2. Аккредиттеуді жүргізу тәртібі

5. Аккредиттеуді комиссия өтініш негізінде жүзеге асырады. Аккредиттеу туралы куәлікті (бұдан әрі - аккредиттеу туралы куәлік) алу үшін өтініш беруші уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

1) осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес аккредиттеу туралы куәлікті беруге өтінішті;

2) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 07.09.2016 № 523 (алғашқы реңми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3) еркін таралмай пайдаланылатын бағдарламалық құралдарға лицензиялардың және/немесе сертификатардың көшірмелерін, сондай-ақ өзі әзірлеген жағдайда авторлық құқықты растайтын құжаттарды;

4) аккредиттегін куәландыруышы орталық мемлекеттік ақпараттық жүйелермен ықпалдастырылған жағдайда куәландыруышы орталықтың ақпараттық қауіпсіздік талаптарына және Қазақстан Республикасының аумағында қабылданған стандарттарға сәйкестігінің аттестатын;

5) өтініш беруші бекіткен куәландыруышы орталықтың модульдерінің (құрамдас бөліктерінің) өзара іс-қимылдының схемасын және қолданылатын криптографиялық түрлендіру алгоритмдері туралы деректер және электрондық цифрлық қолтаңба үдерісін іске асыру жөніндегі басқа да бастапқы деректер (негізгі талаптар) мен жекелеген параметрлерге және куәландыруышы орталыққа қойылатын талаптар бар электрондық цифрлық қолтаңбаның схемаларын;

6) мыналарды:

куәландыруышы орталықтың ақпараттық қауіпсіздік саясатын;

куәландыруышы орталық қызметінің регламентін немесе қафидаларын; тіркеу куәліктерін қолдану саясатын; куәландыруышы орталық туралы ережені;

штаттан тыс, дағдарысты жағдайларда өтініш берушінің атынан куәландыруышы орталықтың тіркеу куәліктерін сүйемелдеу, әкімшілендіру, шығару жөніндегі жұмыстарға тікелей қатысып, жұмыстарды жүзеге асыратын жұмыскерлердің (бұдан әрі - жауапты адамдар) іс-қимылы жөніндегі нұсқаулықты;

куәландыруышы орталықтың ақпараттық ресурстарын резервтік көшіру туралы нұсқаулықты;

куәландыруышы орталықтың бағдарламалық қамтамасыз етілуін орнату және жөнге келтіру жөніндегі нұсқаулықты регламенттейтін, бекітілген нормативтік-техникалық құжаттардың тізбесін;

7) осы куәландыруышы орталықта және оны пайдаланушылар қолданатын КР СТ 1073-2007 бойынша пайдаланылатын АКҚҚ-ға сәйкестік сертификатын ұсынады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Үкіметінің 21.05.2013 № 507 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.09.2016 № 523 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

6. Өтініш беруші куәландыруышы орталықтың куәландыруышы орталық беретін барлық сервистерді сипаттайтын регламентке немесе жұмыс қафидаларына сәйкес жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Тіркеу куәліктерін қолдану саясаты тіркеу куәліктерін қолдану саласын, олардың құрылымын және тіршілік циклін сипаттауы тиіс.

7. Өтініш ол берілген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қаралады.

Комиссия куәландыруышы орталықты тексеруге қайтадан шыққан жағдайда өтінішті қарау мерзімі күнтізбелік отыз күнге ұзартылуы мүмкін, ол туралы қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап күнтізбелік үш күн ішінде өтініш берушіге хабарланады. Уәкілетті орган мерзімді ұзарту себептерін көрсете отырып өтініш берушіге дәлелденген хат жолдайды.

8. Өтінішті қарау мынадай кезеңдерден тұрады:

1) өтініш берушінің осы Қафидага сәйкестігін комиссияның тексеруі;

2) уәкілетті органның осы Қафидага 2-қосымшага сәйкес белгіленген нысан бойынша куәландыруышы орталықты аккредиттеу туралы куәлікті беруі.

9. Өтініш берушіні тексерген кезде:

1) тексерілетін куәландыруышы орталықта қолданылатын, пайдаланылатын АКҚҚ-ның Қазақстан Республикасының Негізгі куәландыруышы орталығымен үйлесімділігі;

2) Қазақстан Республикасының Негізгі куәландыруыш орталығының тіркеу куәлігінен куәландыруыш орталықтың АҚҚҚ-сын пайдалана отырып, куәландыруыш орталықты пайдаланушының (бұдан әрі - клиент) тіркеу куәлігіне дейінгі тіркеу куәліктері тізбегін құру және тексеру;

3) куәландыруыш орталық шығаратын тіркеу куәліктерінде уәкілетті орган тіркеген объектілік сәйкестендіргіштердің болуы;

4) электрондық цифрлық қолтаңбаның тіркеу куәліктерінің тізбектерін құрудың және тексерудің тетігі;

5) тіркелген объектілік сәйкестендіргіштер (OID);

6) серверлік үй-жай;

7) пайдаланылатын байланыс арналары;

8) Қазақстан Республикасының уақыт бірлігінің эталонынан, позициялаудың жерсеріктік жаһандық жүйелерінен, жалпыға бірдей танылған халықаралық көздерден (бұдан әрі - нақты уақыт жүйесі) уақыттың ағымдағы мәні туралы цифрлық ақпараттың ұдайы берілуін қамтамасыз ететін техникалық құралдар кешенімен аккредиттелетін куәландыруыш орталықтың уақытын үйлестіру рәсімі;

9) "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аккредиттетін куәландыруыш орталықтың бірынғай есепке алу-есеп беру уақыты;

10) куәландыруыш орталық ұсынатын қызметтер;

11) куәландыруыш орталықтың инфрақұрылымы (сертификаттау орталықтары және тіркеу орталықтары);

12) резервтік сервердің болуы;

13) кері қайтарылып алынған тіркеу куәліктерінің тізіміне кол жетімділік;

14) серверлік бөлмелерге қойылатын талаптар:

ұздіксіз қоректену көзінің болуы;

аяу баптау жүйесінің болуы;

серверлердің адам тұрмайтын үй-жайларда орналастырылуға тиістігі;

серверлік үй-жай жабдығы 1,5 см кем емес мөлшердегі кондуктпен ғимараттың жерге тартылған жүйесінің негізгі электродымен қосылуға тиістігі;

серверлік үй-жай төбесінің биіктігі 2,44 метрден кем болмауға тиіс екендігі;

хабарлаудың және өрт сөндірудің автоматты жүйесі;

серверлік үй-жайлар кірудің шектелуі, кіруді бақылау;

серверлік үй-жайлар жүргізілетін жұмыстардың тігілген журналының болуы айқындалады.

10. Тексеру аяқталған соң тексеру нәтижелері туралы екі данада акт жасалады, онда куәландыруыш орталықтың нақты жай-күйі, тұжырымдар мен ұсынымдар көрсетіледі.

Тексеру нәтижелері туралы актіге комиссияның барлық мүшелері қол қояды. Егер комиссия мүшесінің бірі қабылданған шешіммен келіспеген және тексеру актісіне қол қоймаған жағдайда, ол себептерді негіздей отырып, уәкілетті органға хабарлайды.

Тексеру актісі комиссия мүшелерінің үштен екісінің қолы бар болған кезде қабылданған болып саналады.

Тексеру нәтижелері туралы актінің бір данасы өтініш берушіге беріледі.

11. Тексеру нәтижелері туралы актіге сәйкес уәкілетті орган қолданылу мерзімі үш жыл болатын қуәландыруыш орталықты аккредиттеу туралы қуәлікті беру (беруден бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

Уәкілетті орган берілген қуәландыруыш орталықтарды аккредиттеу қуәліктерінің тізілімін жүргізеді.

12. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 19-1-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда қуәландыруыш орталықты аккредиттеу туралы қуәлікті беруден бас тартылады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 07.09.2016 № 523 (алғашкы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Аккредиттеу туралы қуәлікті беруден бас тартқан жағдайда уәкілетті орган өтініш берушіге осы Қағиданың 7-тармағында белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде бас тарту себебін негіздей отырып, ресми хабарлама жолдайды.

14. Аккредиттеу туралы қуәліктің негізінде өтініш беруші қуәландыруыш орталықтың тіркеу қуәлігін тіркеуден (қайта тіркеуден) өткізу үшін Қазақстан Республикасының Негізгі қуәландыруыш орталығына жүгінеді.

Куәландыруыш орталықтарды
аккредиттеуді жүргізу
қағидасына
1-қосымша

Куәландыруыш орталықты аккредиттеу туралы қуәлік беруге өтініш

(өтініш берушінің атауы, занды мекенжайы, телефоны)

_____ аккредиттеу туралы қуәлік беруді сұрайды.

(куәландыруыш орталықтың атауы)

Күні 20 ____ жылғы " ____ "

Басшы _____

(қолы) (аты, тегі)

МО

Куәландырушы орталықтарды
аккредиттеуді жүргізу
қағидасына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшага өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995; 16.06.2016 № 353; 26.03.2019 № 142; 12.07.2019 № 501 қаулыларымен.

Куәландырушы орталықты аккредиттеу туралы

№ _____ күелік

Осы күелік: _____
_____ бойынша

орналасқан

(занды тұлғаның мекенжайы)

_____ берілді

,

(занды тұлғаның атауы)

20 ____ жылғы "___" ____ № _____ хаттаманың негізінде
Куәландырушы орталықтарды аккредиттеуді жүргізу қағидасына сәйкес
Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш
енеркәсібі министрлігінің куәландырушы орталықтарды аккредиттеу жөніндегі
комиссиясының шешімімен

(занды тұлғаның атауы)
аккредиттелді деп танылсын.

Осы куәландырушы орталықтарды аккредиттеу туралы күеліктің қолданылу
мерзімі берілген күнінен бастап 3 жылды құрайды және Қазақстан
Республикасының бүкіл аумағында қолданылады.